

Орман қоры жерлерінің жекелеген учаскелерін басқа санаттағы жерлерге ауыстыру туралы

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2024 жылғы 9 қазандағы № 831 қаулысы

Қазақстан Республикасы Жер кодексінің 130-бабына және Қазақстан Республикасы Орман кодексінің 51-бабына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Осы қаулыға қосымшаға сәйкес Қызылорда облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі", "Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі", "Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі", "Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі" және "Шиелі орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемелерінің (бұдан әрі – мекемелер) жалпы ауданы 51,3574 гектар жер учаскелері орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылсын.

2. Қызылорда облысының әкімі Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен осы қаулының 1-тармағында көрсетілген жер учаскелерінің магистралдық құбыржол салу үшін "Бейнеу-Шымкент газ құбыры" жауапкершілігі шектеулі серіктестігіне (бұдан әрі – серіктестік) берілуін қамтамасыз етсін.

3. Серіктестік (келісу бойынша) Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес орман алқаптарын орман шаруашылығын жүргізуге байланысты емес мақсаттарда пайдалану үшін оларды алып қоюдан туындаған орман шаруашылығы өндірісінің шығындары мен залалдарын республикалық бюджет кірісіне өтесін, екпелер кесілген жағдайда алынған сүректі мекемелердің теңгеріміне бере отырып, алаңды тазарту жөніндегі шараларды қабылдасын.

4. Осы қаулы қол қойылған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Премьер-Министрі

О. Бектенов

Қазақстан Республикасы
Үкіметінің
2024 жылғы 9 қазандағы
№ 831 қаулысына
қосымша

Орман қоры жерлері санатынан өнеркәсіп, көлік, байланыс жерлері, ғарыш қызметі, қорғаныс, ұлттық қауіпсіздік, ядролық қауіпсіздік аймағы мұқтажына арналған және ауыл шаруашылығына арналмаған өзге де жерлер санатына ауыстырылатын жер учаскелерінің экспликациясы

Ж е р пайдаланушыны ң атауы	Жалпы ауданы, гектар	оның ішінде:			
		орман көмкерген	орман көмкермеген	жайылымдар	өзге жерлер
Қызылорда облысы Табиғи ресурстар және табиғат пайдалануды реттеу басқармасының "Қазалы орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі", "Қармақшы орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі", "Сырдария орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі", "Қызылорда орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі" және "Шиелі орман және жануарлар дүниесін қорғау мемлекеттік мекемесі" коммуналдық мемлекеттік мекемелері	51,3574	18,6202	25,7437	4,5043	2,4892
Барлығы:	51,3574	18,6202	25,7437	4,5043	2,4892

